

Адам баласының әлемді көркемдік бейне арқылы тануы оның жалпы дүниетанымымен, болмысымен сабақтас. Адами болмыстың әмбебаптығы халықтар арасындағы жақындықты, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, махаббат пен зұлымдық туралы ой-пікірлерінің ұқсастығын туғызады.

Дүние жүзіндегі елдер мен ұлттардың экономикалық байланысы, олардың арасындағы рухани, саяси қарым-қатынастар адамзат қоғамының дамуында шешуші роль атқаратыны, томаға тұйық, ешбір байланыссыз әдебиет те, мәдениет те, ел де, қоғам да дамымайтындығы баршаға аян. Жер бетіндегі елдердің әдебиеті мен мәдениетінің бір-бірімен тамырлас екендігі және олардың бір-біріне игі әсер етіп, рухани байлықтар алмасатындығы дәлелдеп жатуды қажет етпейтін шындық.

Әрбір халықтың және бүкіл адамзаттың асыл мұратының ең бастысы – ел мен елдің, ұлт пен ұлттың достығы екендігі анық. Осы достықтың дәнекері, әрі халықтар арасын жалғастыратын берік көпірлердің бірі – көркем әдебиет екендігі де белгілі жәйт. Ал, әдебиеттің өзара байланысы, бір-біріне әсер етіп, байытуы қай заманда да көркем аудармасыз жүзеге асқан емес. Адамзат дамуының әрқилы кезеңінде, әлемнің әр түкпірінде өмір сүрген сөз өнері зергерлерінің ақыл-ойынан туып, әртүрлі тілде жарық көрсе де, бүгінгі таңда дүние жүзінің күллі халқы сусындар рухани бастауға айналған көркем туындыларды ана тілімізде оқуымыз да, қазақ топырағында өмірге келген әдеби мұралардың, қазақ ақындары мен жазушылары шығармаларының басқа тілдерде сөйлеуі де көркем аударма құдіреті екені ақиқат.

Ұлттық мәдениеттердің, тілдердің бірін-бірі байытуында, рухани қазыналардың барлық халыққа да ортақ байлыққа айналуында аударма өнерінің үлесі мол. Қазақ елі егемендік алып, көк байрағын желбіреткен тұста, халықаралық қарым-қатынас ұлғайып, рухани байлықтар молайған, әлемнің өркени етті елдерінің озық ойы мен ғылымынан үйренуге ұмтылған тұста аударманың, оның ішінде көркем аударманың да көкжиегі кеңейе түсіп отыр. Осыған орай аударма теориясы мен практикасының да маңызы арта түсуде.

Аударылатын мәтін сол ортаның этномәдениетін және лингвистикалық ерекшеліктерінен асып кете алмайды, сондықтан да ол басқа ел мәдениетімен бізді әрқашанда хабардар етіп отырады. Лексикалық қатарда, ол шетелдік ономастикалық, топонимикалық атауларға қатысты. Егер география, тарих, археология, этнография және басқа ғылымдар алыс жатқан елдер туралы нақты деректер берсе, ал көркем әдебиетімен аударма арқылы танысып, олар елдердің мәдениетіне, халықтардың өміріне қанық боламыз.

Аударма екі ел ортасындағы достықтың арқауы болып қана қоймай, ұлттық әдебиеттің, мәдениеттің дамуына үнемі өз септігін тигізіп отырады деген ойдың да өз мазмұны бар. Бірақ көркем аударма мәселесінің әдебиеттану саласында әлі де ашылмаған қырлары жеткілікті.

Біздің елімізде көркем аударманың биік шыңға көтерілген кезеңі – ХХ ғасыр. 70-жылдардың басында аударма тарихы мен теориясы бойынша көптеген монографиялық зерттеулер жарық көрді (Мусаева К. Лексико-фразеологические вопросы худож.перев. Ташкент, 1980).

Бұл зерттеулерге қарап аударманың дәстүрлі түрде үш бағытта дамығанын көреміз: *лингвистикалық, әдебиеттік және машиналы..* Сонымен қатар, аударма ұғымына да әр түрлі мағына үстелген. Көрнекті ғалым В.С.Виноградовтың ұсынысы бойынша: “аударма – қоғамға қажетті үрдістен туындаған жазбаша және ауызша күйінде бір тілде берілген ақпараттар жинағының басқа тілдегі балама түрі” (Виноградов В.С. Введение в переводоведение. – М., 2001. 224с.).

Әдебиетшілер аударманы “*әдебиет үрдісі*” деп қарастырып көркем аударма теориясын ұсынады. Ал лингвистер болса, түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестік нормасын сақтау туралы жүйе қалыптастырады, контрастивтік лингвистиканы

Көркем аударма теориясы мен практикасына байланысты қазақ филологиясы ғылымында біраз зерттеу еңбектер жазылды. Сын мақалалар мен монографиялар, теориялық пайымдаулар мен топшылаулар өмірге келді. Алайда бұл – біздің елде көркем аудармаға байланысты мәселелер толық зерттеліп болды деген сөз емес. Халықтар арасындағы рухани байланыс, көркем әдебиет бар жерде көркем аударма өнері болса, ол өнер жыл санап дами түссе, онда оны зерттеу мәселесінің де замана көшіне ілесе берері, уақыт талабына сай үн қатары табиғи нәрсе.

Аударма өнері көркем әдебиет аясында дамып, түрлене, қырлана түседі, яғни төл әдебиетпен тел өседі. Қай елдің болмасын көркем әдебиетіндегі жетістік пен олқылық аударма өнеріне де, оның зерттелуіне де қатысты. “Аристотель тұсында теориялық толғам эстетикалық трактатқа айналды. Содан бергі он-сан ғасыр бойына сөз өнерінің табиғаты күллі әлем көлемінде тексерілген үстіне тексеріліп келеді, бірақ ешкім талдап түгесе алар емес және көркем сөз құпиялары қопарылған сайын тереңдей түседі”. (Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: мектеп, 1976. 371-б.) Сөз өнерінің жасампаздығы да бәлкім осында болар. Аударма өнері төл әдебиетпен тел өссе, төл әдебиетпен тел өссе, төл әдебиеттің өсуі көркем аударма көкжиегін кеңейтсе, екінші жағынан көркем ой асылдарының шеберлікпен тәржімалануы төл әдебиеттің өсуіне де әсер етеді. Олай болса оның сан алуан мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу де күн тәртібінен түспек емес. Аударма теориясына байланысты бір қиын түйіннің шешілуі өмірге екінші бір проблеманы әкелері сөзсіз. Бұл - әдебиеттің, жалпы мәдениеттің заңдылығы. Бұл - өмір құбылысы.

Түпкі тамыры тереңде, тарихы әріде жатқанмен көркем аударма өнерінің қазақ топырағындағы гүлдене бастауы – орыс әдебиеті классиктерінің және орыс тілі арқылы әлем сөз өнері зергерлері шығармаларының қазақшаға тәржімаланған тұсы. Соған орай алғашқы кезде мерзімді басылымдарда пікір, ұсыныс түрінде басталған аударма теориясы мен практикасына байланысты зерттеу жұмыстары келе-келе кең арнаға, ғылыми салаға айналды. Аударма

өнерін зерттеудің тарихына көз жіберер болсақ, осы орайдағы ой түйюдің басы болып саналатын, 1914 жылы “Айқапта” жарық көрген Сәкен Сийфуллиннің пікірінен (Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1965, 47-б.) бергі аралықтағы еңбектердің көтерген мәселесі де, зерттеу бағыты мен әдісі де сан түрлі. Аударма өнеріне қатысты А.Байтұрсынов, М.Сералин, Ж.Аймауытов пікірлері болғанына қарамастан және аударма өнерін зерттеу көкейтестілігі күн тәртібіне қойылғанмен, халқымыздың ұлы ойшылдарының бірі – М.Әуезовтің 1936 жылы жариялаған “Пушкинді қазақша аудару тәжірибелері туралы” (“Социалистік Қазақстан” газеті. 1936, №18) атты мақаласына дейінгі еңбектерде (мәселен Б.Кенжебаевтың Абай аудармашылығы жайында 1925 жылғы, Е.Алдоңғаровтың Пушкиннің “Сараң сері”, “Тас мейман” поэмаларының қазақшасы туралы 1926 жылғы мақалалары) ғылыми талдаулар мен тұжырымдар болған жоқ.

Қазақ топырағындағы аударма теориясының алғашқы қазығы сияқты осы мақаладан кейін М.Әуезовтің “Ревизордың аудармасы туралы” (“Қазақ әдебиеті” газеті. 1936, №37), “Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді?” (“Қазақ әдебиеті” газеті. 1937, №9), “Евгений Онегиннің қазақшасы туралы” (“Социалистік Қазақстан” газеті. 1937, №6), “Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар” (“Социалистік Қазақстан” газеті. 1937, №49) атты мақалалары мен 1937 жылғы 5 қаңтарда “Казахстанская правда” газетінде “Евгений Онегин на казахском языке” атты мақаласының жарық көруі қазақ әдебиеттану ғылымында көркем аударма теориясының өмірге келгенін көрсетеді.

М.Қаратаевтың аударма өнеріндегі қиындықтар мен принциптерді, жетістіктер мен кемшіліктерді әңгіме арқауы еткен, аударма шығармаларды туған әдебиеттің саласы ретінде дәлелдеген “Жүз жылдан кейінгі Пушкин”, “Пушкин мен Абай” атты екі мақаласының, Т.Жүргеновтің “Казахский перевод “Шах-наме” (“Казахстанская правда” 1.ІУ.1935г.)”, Р.Жаманқұловтың “Пушкин өлендерінің аудармасы жөнінде бір-екі сөз” (“Әдебиет майданы” №4), Қ.Өтеповтың ““Мыс салтатты” поэмасының аударылуы” (“Қазақ әдебиеті” 8.ІІІ.) атты мақалаларының 1937 жылы жарық көруі бұл іске игі әсер етті. Отызыншы жылдар еншісіне тиетін бұл мақалалардың қазақ көркем аударма теориясының іргетасы деп танырлықтай еңбектер екені даусыз.

Қазақ аударма өнерінің қырқыншы жылдардағы зерттелуі туралы Ө.Айтбаев: “... соғыстың әлегі бұл салада да ізін қалдырды. Яғни, көңілдің аудармадан гөрі басқа мәселеге алаң болғаны мәлім. Бұл тұста біз бір ғана еңбекті еске аламыз. Ол – М.И.Ритман-Фетисов пен Б.Кежебаевтың бірлесіп жазған “Советтік Қазақстандағы аударма жұмысы” деген мақаласы” (Айтбаев Ө. Аударма ғылыми және оның зерттелуі. //Аударманың лексико-стилистикалық мәселелері. Алматы: Ғылым, 1987. 18-б.) – деп тұжырымдайды. Алайда, 1946 жылы қорғалған Қ.Жұмалтевтің “Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі” тақыфрыбындағы докторлық диссертациясында Абай аудармалары туралы бағалы ойлар айтылуы, С.Мұқановтың 1945 жылдары аяқталған “Абай Құнанбаев” атты

монографиясында ұлы ақынның аудармашылық қызметі сөз болуы, жоғарыда аталған мақаладан кейін (ол 1947 жылы жарық көрген) (Конспект истории казахской советской литературы. Алма-Ата, 1947 (на правах рукописи)) М.С.Сильченконың “Пушкин және қазақ әдебиеті” (Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1949. №6, 51б.), М.Фетисовтың “Пушкин шығармаларының қазақша аудармаларының қоғамдық-мәдени маңызы” (Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1949. №6) атты мақалаларының жарық көруі қазақ аударма өнерінің қиын-қыстау кезеңде де зерттелгенін көрсетеді.

Қазақ аударма өнерінің теориялық мәселелерін терең зерттеу елуінші жылдардан басталады. Бұл аударма мәселесіне мемлекеттік маңыз беріліп, Бүкілодақтық проблема деңгейіне көтерілуімен тікелей байланысты. КСРО Жазушылар Одағы бұл мәселені 1951 жылы көпшілік талқысына салып, көркем аударма туралы Бүкіл Одақтық бірінші кеңес өткізді. Кеңестің өтуі және кеңес қарсаңында кең түрде пікір алысу жүруі көркем аударма мәселесінің зерттелуіне игі әсер етті. Осы кезеңде көркем аудармаға байланысты Қазақстанда тұңғыш ғылыми диссертация қорғалды. Ол – Жамбыл өлеңдерінің орысшаға аударылуын зерттеу объектісі етіп алған К.Ландаудың еңбегі (Ландау Е. Русские переводы песен Джамбула. Автореферат. дис.канд. фил.н. – Алма-Ата, 1953) болатын. Бұл еңбек тек аударма проблемаларын шешуге атсалысып қана қойған жоқ, ол көркем аударманың Қазақстандағы ғылыми-теориялық зерттелуінде қозғау салушы ретінде роль атқарып, оны ғылыми сала ретінде тану ұғымын тиянақтай түсті.

М.Әуезов, М.Қаратаев, М.Жанғалин, Қ.Шәріпов, Ә.Ипмағанбетов, З.Ахметов, С.Нұрышев, С.Қирабаев, К.Канафиев, Қ.Сағындықов, А.Садыковтардың 1950-60 жылдар аралығындағы жарық көрген еңбектері қазақ аударма өнерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуін қалыптастыру ісіне үлкен үлес қосты.

Көркем аударма зерттелуінің жолы, бағдары белгіленген 1960 жылдардан бері жарық көрген ғылыми еңбектер бірнеше бағытта болды. Осыған қарап зерттеу еңбектерді де бірнеше салаға бөлуге болады:

1. Орыс тілінен қазақ тіліне аудару,
2. қазақ тілінен орыс тіліне аудару,
3. Қазақ тілінен шетел тілдеріне және шетел тілдерінен қазақ тіліне (негізінен орыс тілі арқылы) аудару мәселелері. Аударма өнерінің зерттелуінде С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Айтбаев және т.б. ғалымдар еңбектері (Талжанов С. “О некоторых проблемах худож. перевода”(на материале перевода “Ревизора”, “Мертвые души” Н.В.Гоголя на каз.яз.). Автореф. дис...канд.фил.н. – Алма-Ата, 1966; Сатыбалдиев А. Развитие культуры худож. переводов в каз.литер.(на материале перевода произв. Л.Н.Толстого на каз.яз.). Автореф. дис... канд.ф.н. – Алма-Ата, 1964; Айтбаев У. Способы передачи фразеологизмов в переводах произвед. А.М.Готького на каз.яз. Автореф. дис... ф.н. – Алма-Ата, 1971.) орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақшаға тәржімалауды әңгіме арқауы етсе, С.Құспанов,

Х.Садықов, М.Бисенқұлов және т.б. зерттеушілер еңбектері (Куспанов С. Переводы поэзии Абая на русский язык. Автореф. дис... канд.ф.н. – Алма-Ата, 1966; Садықов Х. Об основных принципах перевода казахской прозы на русский язык. Автореф.дис... канд. филол.н. – Алма-Ата, 1968; Бисенқұлов М. Казахская эпическая поэзия в русских переводах. Автореф.дис... канд.филол.н. – Алма-Ата, 1985.) көркем шығармалардың қазақ тілінен орыс тіліне аударылуындағы проблемаларды шешуге арналған. Кейінгі кездегі аударма теориясы мен тәжірибесіне байланысты осы бағыттағы толымды еңбек ретінде Н.Сағындықованың зерттеулерін (Сағындықова Н. Казахская поэзия в русском переводе. Алма-Ата: Наука, 1983. Основы художественного перевода – Алма-Ата: Санат, 1966.) атасақ, Б.Репин, Ю.Сушков, А.С.Ермағанбетова, К.И.Дүйсетаева, М.Ш.Құрманов және т.б. зерттеушілер (Репин Б. Вопросы перевода казахской национально-специфической лексики (по материалам перевода романа-эпопей “Путь Абая” М.Ауэзова на немецкий язык) Автореф.дис... канд.филол.н. – Алма-Ата, 1970; Сушков Б. Перевод прозы М.О.Ауэзова на француз.язык. Автореф. дис... канд.филолог.н. – Алма-Ата, 1970; Ермағанбетова А.С. Сущность и значение национальных слов-реалов в языке худож. произведения и способы их перевода (на материале перевода “Путь Абая” на англ.яз.). Автореф. дис... канд.филолог.н. – Алма-Ата, 1972; Курманов М.Ш. Некоторые вопросы перевода на немецкой поэзии на каз.язык (на материале переводов произведения Гете, Шиллера и Гейне). Автореф. дис... канд.филолог.н. – Алма-Ата, 1972.) сатылы аударманың қыр-сырын ашуды мақсат етіп, орыс тілі арқылы қазақ көркем шығармаларының шетел тілдеріне және шетел тілдерінен орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударылуы мәселелерін сөз етеді.

Аударманың түрлі проблемаларын қозғаған кітапшалардың жарыққа шығуы, мақалалар жинағының басылуы және жеке кітап болып басылған монографиялық зерттеулердің өмірге келуі 1950 жылдардан бастап өз арнасына түсе бастаған аударманың ғылыми зерттелуін тереңдете түсті. Олар: С.Нұрышевтің “Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен” (1954), “Көркем аударманың кейбір мәселелері” (мақалалар жинағы, 1957), З.Тұрарбековтің “Аударма туралы” (1961), “Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы” (1973), “Әдебиеттер достығының дәнекері” (1977), С.Талжановтың “Көркем аударма туралы” (1962), “Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері” (1975), Ә.Сатыбалдиевтің “Рухани қазына” (1965), М.Әлімбаевтің “Өрнекті сөз – ортақ қазына” (1967), Т.Әбдрахмановтың “Жаңа ғасыр көгінде” (1969), Ү.Сухбанбердина құрастырған “Әдеби мұра” (1970), Ө.Айтбаевтың “Аудармадағы фразеологиялық құбылыс” (1975), Р.Хайруллиннің “Аударма сыпаты” (1976), М.Құрмановтың “Алтын арқау” (1979), С.Сейітовтің “Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі” (1985), Ш.Сәтбаеваның “Достық дастандары” (1983), Г.Бельгердің “Гете мен Абай” (1955), Н.Сағындықованың “Основы художественного перевода” (1996) атты кітаптары мен басқа да қаламгерлер еңбектері. Ал Р.Нұрғалиев пікірлерінің (Нұрғалиев Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986. 11-144б.б.) драматургиялық шығармалар аудармасына қатысты сөз өнерінің осы бір қиын да күрделі

саласын дамытуға үлес болып қосылғаны анық. Сонымен қатар, көркем аударма мен жалпы аударма мәселесіне, әдебиеттер байланысына қатысты Қ.Жұбанов, І.Жансүгіров, М.Әуезов, М.Балақаев, З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Аманжолов, М.Қаратаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев, с.Бәйішов, Ә.Нұрпейісов, М.Жанғалин, Қ.Шәріпов, Ә.Ипмағанбетов, С.Исаев, К.Канафиева, Р.Бердібаев, Ш.Сәтбаева, Т.Ахтанов, Т.Сайранбаев, Г.Бельгер, Х.Әдібаев, А.Жовтис, З.Лизунова, Қ.Сағындықов, Х.Өзденбаев, А.Нысаналин, К.Нұрмаханов, С.Ахметов, С.Нұрханов, С.Қоспанов және т.б. әдебиет пен сын майданының жауынгерлері айтқан пікірлер мен ұсыныстардың қазақ аудармасының теориясы мен практикасы дамуына ықпал етіп, себін тигізгені анық. Жариялану мерзімдері әр жылда болғанымен, бұл еңбектердегі теориялық тұжырымдар мен пікірлер негізінен орыс филологиясындағы қағидалар мен түсініктерді тірек етеді. Бұл түсінікті де. Себебі: қазақ ғылымының дамуы орыс ғылымымен тікелей байланысты және ол байланыс нығая да жалғаса бермек.

Орыс филологиясында көркем аударманың күрделі, көкейтесті, өзекті проблемаларын зерттеген, оның теориялық және практикалық мәселелерін жүйелеген еңбектер мен көлемді монографиялар 1920-30 жылдардың өзінде пайда бола бастаған еді. Бұл еңбектер тек орыс аударма өнерінің теориясы ғана дамытып қойған жоқ, бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің аударма өнерін зерттеу ісіне де игі әсер етті. Сонымен қатар, көркем аудармаға байланысты орыс филологиясында, Кеңес Одағы елдерінің ғылымында тұжырымдалған пікірлер мен көзқарастардың аударма туралы әлемдік ой-пікірлерге қосылған мол үлес екені белгілі. К.Чуковскийдің, Г.Гачечиладзенің, А.Федоровтың теориялық кітаптары, монографиялары көркем аударма теориясындағы шоқтығы биік дүниелер. Сондай-ақ И.Кашкин, А.Лейтес, В.Россельс, А.Кундзич, Л.Мкртчян, М.Әуезов, М.Каратаев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ж.Шарипов, М.Расули, Д.Әзімов және т.б. ғалымдардың еңбектері мен П.Антокольский А.Венцлова, Л.Гинзбург, А.Гитович, Н.Заболцкий, С.Маршак, М.Рыльский, В.Левик, М.Лозинский, Н.Любимов, С.Липкин және т.б. аударма шеберлерінің пікірлері мен ұсыныстары көркем аударма теориясының дамуына ықпал етті. Орыс аудармасы теориясының дамуы қазақ топырағында да аударма теориясын тарих сахнасына шығарды. Аударманы зерттеуде орыс ғалымдарының бір тобы лингвистикалық бағытты (А.Ф.Федоров және т.б.) ұсынса, екіншілері (А.С.Смирнов, И.Кашкин, В.Россельс және т.б.) әдебиеттану бағытын қолдады. Бұл жәйт қазақ филологиясында да дәл осы жағдайда қайталанды. Қ.Жұбанов, М.Балақаев және т.б. ғалымдар аударманы тілтану саласы деп таныса, М.О.Әуезов, М.Қаратаев және т.б. ғалымдар әдебиеттану саласы ретінде қарастырды.

Сонымен қатар, үшінші бағытты – аударманы жалпы филологиялық объект деп тануды ұсынушылар да бар. Орыс филологиясында аударманы не ана, не мына салаға жатқызудың әурешілік екенін айтып, аудармада тілтану және әдебиеттану әдістерін біріктірмей шындыққа жету мүмкін еместігін Б.А.Ларин айтса, қазақ филологиясында Ә.Айтбаев фразеологизмдерге

байланыфсты: “На наш взгляд, это разногласия среди филологов говорит за то, что категория фразеологических словосочетаний не может принадлежать в какой-либо единой отрасли, и требует в себе подхода филологических позиций, куда поправду примыкает и наука о художественном прозе” (Айтбаев У. Способы пережачи фразеологизмов в переводах произведений А.М.Горького на казахский язык. Автореф. дис... канд.филолог.н. Алма-Ата, 1971.с.15) – деген пікірді айтады. Аударманы зерттеуде тілтану мен әдебиеттану әдістерін біріктіре қарауды біз де құптаймыз.

Уақыт ілгері жылжып, ел өмірі өзгеріске толды. Соған орай аударма өнерін зерттеудің де сан қыры ашылуда. Себебі: көркем шығарма мен қаламгер жөнінде әр заман өз пікірін білдіреді ғой. Мұны әдебиеттің өміршеңдігімен байланысты дер болсақ, онда көркем аударманың да оған қатыстылығы басы ашық мәселе. 1980-90 жылдардағы басқа зерттеулері айтпағанның өзінде, сонау 1930 жылдардан басталса да, осы кезге дейін зерттеу объектісі болып, күн тәртібінен түспей келе жатқан А.С.Пушкин шығармаларын қазақшаға аудару мәселесі осыны көрсетпей ме (Шаханова Р.А. Проблемы перевода поэмы А.С.Пушкина на каз.яз. Автореф. дис... канд.филол.н. Алма-Ата, 1989; Адилгазинов Е.Э. Вопросы восприятия прозы А.С.Пушкина в казахской Советской литературе и критике. Автореф.дис... канд.филол.наук, Алма-Ата. 1992.) .

Алайда, қазақ көркем аудармасына байланысты осы кезге дейінгі еңбектердің көпшілігі не белгілі бір көркем шығарманың аудармасын, не болмаса жалпы теориялық, тарихи мәселелерді, не белгілі бір кезеңдегі көркем аудармаларды зерттеу объектісі етіп алған. Осы орайдағы олқылық – ел әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлес қосқан қаламгерлердің бір тобы – аудармашылар туралы, олардың шығармашылық даралығы, аударма өнеріндегі жетістіктері мен кемшіліктері, өсу жолының зерттеуден тыс қалуы. Жалпы оқырман қауым үшін аудармашының көркем шығарма авторының көлеңкесінде қалып қоятыны тәрізді, зерттеулерде тәржімашының өзіндік ерекшелігі, стилі, ізденісі, табысқа жету құпиясы назардан қағыс қалып келді. Ал аударма өнерінің қыр-сырын ашу үшін шебер тәржімашылардың күллі шығармашылығына талдаулар жасалынып, шығармашылық ізденісі ашылуы қажет. Көркем аударма теориясының өзегі – шеберлік сыры деген мәселенің өзі аудармашы талантымен және ізденісімен, тәжірибесімен және өзіндік стилімен тығыз байланысты.

Аударма сапасын анықтайтын нәрсе : біріншіден, аудармашының білгірлігі мен шеберлігі, оның стилистикалық, ырғақ-ұйқастық түйсігі, талғамы. Содан кейін автор ойының бағыт-бағдарын, лирикалық арманның жай-күйін тап басып, дәл аңғару, шығарманың ішкі құрылымын, өзіндік дем-тынысын, сөз саптауын тағы басқа ерекшеліктерін айқындап алып, соған лайық дәл баламалар, тіркестер, бейнелі өрнектер таба білуі. Қысқасы дейін дұрыс қабылдап, соны орыс (қазақ) тілінде барлық нәр-баяуымен, маң-мағынасымен жеткізуге тырысуы.

Аударма өнері қай ақынға болса да төл туындыдан оңайға соқпайды. Сондықтан ақындық дарын мен шабыт күшін іркіп ұстамай, осы істің үстінде барынша сарқа пайдаланбаған жерде, өзінің жан-жүрегімен түгел қозғалып, тереңнен тебіренбеген жағдайда талантты аударма тумайтыны белгілі. Бәлкім, ол бір сәтке өз болмысын ұмытып, дүниеге сол түпнұсқа авторының көзімен қарайтын, өмірді соның түйсігімен қабылдайтын болар, тіпті өзін соның орнына қоя тұруға да тура келер.

Орыстың классикалық әдебиеті көптеген халықтардың ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің қалыптасуына және олардың халықтық, демократтық бағытта дамуына күшті ықпалын тигізді. Қазақтың демократтық бағыттағы ақын-жазушылары да өз творчествосында орыс әдебиетінің үлгілерін пайдаланып, солардан үйреніп қана қоймай, орыс мәдениетін қазақ халқы арасында таратуға ат салысты, қазақ ауылында орыс мәдениетін насихаттады.

Жалпы, қазақ аудармашылары прозалық туындыларды ұлттық тілімізге аударғанда басты назарда ұстаған мәселелері мыналар деп айтуға болады: адам өмірінің күнгірт және сәулелі жақтарына аудармашының айырықша көңіл бөлуі. Көне заманнан келе жатқан үрдіс бойынша шығыстың әдебиетте шығарма қаһармандары оқиға соңында барша мұратына жетіп, ойлағандары жүзеге асып жатады. Ал, бұл салада еуропа әдебиеті өзгеше жол таңдағаны мәлім. Орыс қаламгерлері Пушкин, Толстойлардың прозалық шығармаларын аударуда бір ерекшелік осы болса, екіншіден, бұл тұста түпнұсқа авторы мен аудармашының іштей үндестікте болуы, тіпті бір-бірімен сырласып, ой бөлісетіндей жерде қалдыруы. Сонымен бірге, ұлттық сұранысты мықтап ескеру, рухани қажеттіліктерді өтеу барысында қазақ аудармашылары шынайы шеберлік көрсете білді.

Пушкиннің прозалық үлгіде шығармаларын аудару барысында осыны баса айтқан жөн. Қазақ тіліне аударылған бұл шығармаларда байқалатын бір ерекшелік бар: ол – қазақ аудармашысының тәржімалау барысында сұлу да мәйекті суреттерге көбірек баратыны яғни аударманың қазақ аудармашысын қанаттандыруы және кеңінен алсақ, осындай ерекшелігі арқасында түпнұсқаның да арқаланып, қазақ оқырманы үшін биіктеп, түсінікті болуы.

Қазақ аудармашылары прозалық туындыларды аудару арқылы түпнұсқада көтерілген элеуметтік проблема, негізгі идеяны қазақ оқырманына жақын етіп кескіндеуге тырысты, сонымен бірге өзге жұрттың наным-сенімі, түсінік-түйсігін беру арқылы сол ұлттың рухани әлемінен, жан дүниесінен өз оқырманын хабардар етуді де мақсат тұтты. Прозалық туындылардың аудармаларын талдағанда бұл айтылған ойға дәлел табу қиын емес. Себебі, поэзия тіліндегі туындыға қарағанда прозалық шығарманың мүмкіндігі де мол, эпикалық құлашы да кең. Қазақ аудармашылары проза аудармасының табиғатын терең түсіне білгендігі, жоғарыдағы мүмкіндікті кеңінен ұтымды пайдаланғандығы байқалады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихындағы са елеулі де күрделі кезең болды. Бұл – крепостниктік құлдықтан құтылып оғамдық қатынастардың келесі сатысына аяқ басқан Ресей империясында

енді революция дауылы көтеріліп, халықтардың сана-сезімі ояна бастаған, азаттыққа, жарыққа, өнер-білімге құлаш ұрған, жансала ұмтылған кезең еді. Ресейдегі әлеуметтік жаңғырулар мен экономикалық өзгерістер орыстың үстемдігіне бойы үйрене бастаған қазақ даласында да жаңғырығын тауып жатты.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің ұстанған стратегиялық бағыты, оның негізі басқада еді. Бұл бағыт ұлт қозғалысы арыстарының бірі – А.Байтұрсынұлының “Қазақ” газетіндегі 1913 жылғы 2 санында жарияланған бас мақаласынан анық көрінеді. Мақалада ол былай деп жазды: “Бөтендер кіріскенде /мұнда автор орыс үкіметі мен славян келімсектерін айтып отыр.С.А./ халқымыз қандай болар? Тарих жолына қарағанда: келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып – азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңісіп тұрғын жұрттың түріне түсіп, бөтендігі жоғалмақшы. Екеуі де тең болса: бір бірінен кем болмай, біріне бірі жем болмай, қатар тұрып күнелтіп, әрқайсысы өз алдына ұлт болып тұрмақ.

Істің бәрі жалғыз-ақ тамақ асырап күн көруге қалса, өз бетімен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлық пен тамақ асырап, қазақ тіршілік етер ғой ... Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі /әдебиеті/ бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы, еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақтану қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып жоғалуы ықтимал: біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз: *оқымасақ басқалармен қатар тіршілік ете алмаймыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы қалпында болса, тіліміздің азып жоғалуы да анық*” (Ахмет Байтұрсынов. – Қазақ, 19132 жыл, №2.) Демек қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің алға қойған басты мақсаты – алдымен халықты ғасырлардан бері келе жатқан қараңғылық пен надандық шырғауынан босату, халықтың сана-сезімін ояту, халықты оқыту-ағарту; сөйтіп қазақ ұлтының тілін, ұлттық жазба әдебиетін қалыптастыру, яғни халықтың жалпы ұлттық мәдениетін өркендету болған. Олар халықтың ғасырлық ұйқысынан “масадай” шағып “ояту...” керек деп түсінді. Халықтың алдында олар “... озғандарға жету, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырысқандар төрден орын алып жатыр. Тырыспағандар есікте қалып жатыр: *есікте қалмай, төрге тырысайық; басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік*” (Ахмет

Байтұрсынов. Құрметті оқушылар. – Қазақ, 1913 жыл, №1. Орынбор), - деген талап қояды. Бұл – қазақ зиялыларының, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан бастаған ұлт көсемдерінің саяси бағдарламасы / политическая программа/, стратегиялық бағыт болып табылады.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы көсемдері қазақ әдебиетінің рөлін бұрын-сонды болмаған сапаға; биікке көтерді, сол тұстағы әдеби процестер мен ұлт-азаттық күрес біте қайнасып дамыды; әдебиет ол күрестің негізгі қаруына айналды; ұлт әдебиеті ретінде қалыптасып буыны қатая бастаған қазақ әдебиетін олар шын мәнісінде халыққа қызмететуге жұмсады. Ұлт-азаттық қозғалыста әдебиеттің мұншалықты маңызды рөл ойнауы түсінікті де. Өйткені, қозғалыс басында А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қарашұлы, Ж.Аймауытұлы сынды нағыз демократ, гуманист ақын-жазушылар тұрды. Ұлт-көсемдерінің қарулы күрес тактикасынан мүлдем бас тартуының басты себебі де осында: гуманист ақын-жазушылардың зор ықпалы болып табылады. Ал осы зиялылардың, ақын-жазушылардың қатарын біріктіріп, халыққа қызмет етуге жөн сілтеген, қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының теоретигі әрі оның саяси көсемі - Әлихан Рұрмұхамедұлы Бөкейхан да әдебиеттен құралақан емес-ті. Халықты ағарту ісіндегі әдебиеттің зор күшін көре білген де, Абайдың жаңашылдығына, ұлтшылдығына алғаш назар аударып, оның есімін, шығармашылығын ұлттық қозғалыстың туы ретінде ұсынған да осы қайраткер – ғалым еді. Оның әдебиетте атқарған қызметі қазақтың ұлттық әдебиетінің қалыптасып өркендеуіне қосқан үлесі мен әсері ерекше болатын. Олай дейтін себеп: ол – халық ауыз әдебиеті мұрасын жинастыру мен зерттеуді ізгі ғылыми жолға қойған фольклоршы-ғалым, әдебиеттанушы /сыншы/ және көркем аудармашы болды. Ол сондай-ақ, қазақ әдебиетіндегі абайтану ілімінің негізін тұңғыш салған ғалым. Ал оның фольклоршы, әдеби-сыншы және көркем аудармашы ретінде жазып қалдырған мұрасы да қомақты да құнды дүние болып табылады. Қайраткер - ғалымның публицистік туындылары өз алдына бір төбе.

Сурат кафеханасы - Л.Н.Толстойдың «Суратская кофейная» атты әңгімесінен аударма. Әңгіме алғаш рет «Киргизская Степная газетасында» орысша түпнұсқасы және «Дала уалаятында» аудармасы жарияланды. Келесі жолы «Дін таласы» деген тақырыппен 1913 жылы «Қазақтың» 1, 3, 4 сандарында қайта басылды. Әңгімені тәржімелеп газетке ұсынған «Қыр баласы»

Жұмыртқадай бидай – Л.Н.Толстойдың «Зерно с куриное яйцо» атты әңгімесінен аударған «Қыр баласы». Алғаш рет «Қазақ» бетінде 1915 жылы 139 санында жарияланды.

Хамелеон – А.П.Чеховтың «Хамелеон» атты әңгімесін қазақшалап «Қазақ» газетінде жариялаған «Қыр баласы»– «Қазақ», 1915 жыл, №140.

Симонның әкесі – Француз жазушысы Ги де Мопассанның әңгімесі. «Папа Симона» атты орысша нұсқасынан қазақша аударған «Қыр баласы». Тұңғыш рет «Жаңа мектептің» 4-санында басылды.

Жарасын алдырған ана – Ги де Мопассанның әңгімесі. Қазақшалаған «Қыр баласы». 1926 жылы «Жаңа мектептің» 4 санында басылды.

Қара ханым – Д.М.Мамин-Сибиряқтың «Қара-ханым» атты әңгімесі. Қазақшаға аударып, 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының біріктірілген 7-8 сандарына жариялаған «Қыр баласы».

От – В.Г.Короленконың «Огоньки» әңгімесі. Тұңғыш рет «Қазақ» бетінде 1915 жыл №141 санында жарияланды. Қазақшалап ұсынған «Қыр баласы».

Пайғамбарға хат – Н.Маркестің «Ескі Қырым сөздері» деп аталған әңгімелер жинағынан аударылған. Алғаш рет «Қазақ» газетінің 1915 жыл №98 санында жарияланды. Кейін «Темірқазық» журналының 1923 жылғы біріктірілген 2-3 сандарында берілді. Тәржімелеген «Қыр баласы».

Ешкі тау – Н.Маркестің «Ескі Қырым сөздерінен» тәржімелеген «Қыр баласы». – «Қазақ», 1915 жыл, №134.

Құрбан қия – «Ескі Қырым сөздерінен». Тәржімелеп «Қазақтың» 1915 жылғы 138 санында жариялаған «Қыр баласы».

Сұлтан Сәли – «Ескі Қырым сөздері» жинағынан. Аударған «Қыр баласы». 1915 жылы «Қазақ» газетінің 136 санында жарияланған.

Азамат Юсуф – Н.Маркес. Ескі Қырым сөздері. Қазақшалаған «Қыр баласы». «Қазақ» 1915 жыл №133.

Герейдің ажалы – Н.Маркес. Ескі Қырым сөздері. Қазақшалаған «Қыр баласы». Алғаш рет «Герейдің жойылуы» деген атпен «Қазақтың» 1915 жылғы 135 санында жарияланды. Кейін «Темірқазықтың» 1923 жылғы №1 санында қайта жарияланды.

«Жетпіс жеті мысалға» кірген аудармалаы бар. Олар – Л.Н.Толстойдан (16), Эоптан (46), үнді мысалдарынан (20).

Жоғары аталған Әлиханның аудармалары баспа беттерінде жарияланған аудармалары. Сонымен қатар әлі еш жерде жарияланбаған көркем аудармалары:

1. «Макардың түсі» /В.Г.Короленко/, Қыр баласы - Мәскеу, 1923 ж.
2. «Қажы Мұрат» /Л.Н.Толстой/, Қыр баласы - Мәскеу, 1924 ж.
3. «Жұлдыз бала» Қыр баласы. «Ақ жол» 1923 ж., №381, 382, 384
4. «Қыздың сарайы» /Ескі Қырым сөзінен тәржіме/, Қыр баласы. «Ақ жол» 1924 ж., №411, 2-3 б.
5. «Кавказ тұтқыны» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. 1925ж., КСРО ХОБ М.
6. «Жеті қарақшы» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. 1925 ж., Мәскеу
7. «Бір адамға қанша жер керек?» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. «Жаңа мектеп», 1926ж., №9-10, 77-88 б.
8. «Ақсақ кемпір» /Ги де Мопассан/ Қыр баласы. «Әйел теңдiгi», 1927ж. №10-11, 109-112 б.
9. «Баймақан» /Д.М.Мамин-Сибиряк/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927 ж.
10. «Өзі» /Д.М.Мамин-Сибиряк/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927ж.
11. «Жұмбақ қыз» /В.Г.Короленко/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927ж.
12. «Торғай», «Махаббат», «Бір соқыр баланың сөзі» /Ескі Қырым

Жарасын алдырған ана – Ги де Мопассанның әңгімесі. Қазақшалаған «Қыр баласы». 1926 жылы «Жаңа мектептің» 4 санында басылды.

Қара ханым – Д.М.Мамин-Сибиряқтың «Қара-ханым» атты әңгімесі. Қазақшаға аударып, 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының біріктірілген 7-8 сандарына жариялаған «Қыр баласы».

От – В.Г.Короленконың «Огоньки» әңгімесі. Тұңғыш рет «Қазақ» бетінде 1915 жыл №141 санында жарияланды. Қазақшалап ұсынған «Қыр баласы».

Пайғамбарға хат – Н.Маркестің «Ескі Қырым сөздері» деп аталған әңгімелер жинағынан аударылған. Алғаш рет «Қазақ» газетінің 1915 жыл №98 санында жарияланды. Кейін «Темірқазық» журналының 1923 жылғы біріктірілген 2-3 сандарында берілді. Тәржімелеген «Қыр баласы».

Ешкі тау – Н.Маркестің «Ескі Қырым сөздерінен» тәржімелеген «Қыр баласы». – «Қазақ», 1915 жыл, №134.

Құрбан қия – «Ескі Қырым сөздерінен». Тәржімелеп «Қазақтың» 1915 жылғы 138 санында жариялаған «Қыр баласы».

Сұлтан Сәли – «Ескі Қырым сөздері» жинағынан. Аударған «Қыр баласы». 1915 жылы «Қазақ» газетінің 136 санында жарияланған.

Азамат Юсуф – Н.Маркес. Ескі Қырым сөздері. Қазақшалаған «Қыр баласы». «Қазақ» 1915 жыл №133.

Герейдің ажалы – Н.Маркес. Ескі Қырым сөздері. Қазақшалаған «Қыр баласы». Алғаш рет «Герейдің жойылуы» деген атпен «Қазақтың» 1915 жылғы 135 санында жарияланды. Кейін «Темірқазықтың» 1923 жылғы №1 санында қайта жарияланды.

«Жетпіс жеті мысалға» кірген аудармалаы бар. Олар – Л.Н.Толстойдан (16), Эзоптан (46), үнді мысалдарынан (20).

Жоғары аталған Әлиханның аудармалары баспа беттерінде жарияланған аудармалары. Сонымен қатар әлі еш жерде жарияланбаған көркем аудармалары:

1. «Макардың түсі» /В.Г.Короленко/, Қыр баласы - Мәскеу, 1923 ж.
2. «Қажы Мұрат» /Л.Н.Толстой/, Қыр баласы - Мәскеу, 1924 ж.
3. «Жұлдыз бала» Қыр баласы. «Ақ жол» 1923 ж., №381, 382, 384
4. «Қыздың сарайы» /Ескі Қырым сөзінен тәржіме/, Қыр баласы. «Ақ жол» 1924 ж., №411, 2-3 б.
5. «Кавказ тұтқыны» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. 1925ж., КСРО ХОБ М.
6. «Жеті қаракшы» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. 1925 ж., Мәскеу
7. «Бір адамға қанша жер керек?» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. «Жаңа мектеп», 1926ж., №9-10, 77-88 б.
8. «Ақсақ кемпір» /Ги де Мопассан/ Қыр баласы. «Әйел теңдігі», 1927ж., №10-11, 109-112 б.
9. «Баймақан» /Д.М.Мамин-Сибиряк/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927 ж.
10. «Өзі» /Д.М.Мамин-Сибиряк/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927ж.
11. «Жұмбақ қыз» /В.Г.Короленко/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927ж.
12. «Торғай», «Махаббат», «Бір соқыр баланың сөзі» /Ескі Қырым

Жарасын алдырған ана – Ги де Мопассанның әңгімесі. Қазақшалаған «Қыр баласы». 1926 жылы «Жаңа мектептің» 4 санында басылды.

Қара ханым – Д.М.Мамин-Сибиряқтың «Қара-ханым» атты әңгімесі. Қазақшаға аударып, 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының біріктірілген 7-8 сандарына жариялаған «Қыр баласы».

От – В.Г.Короленконың «Огоньки» әңгімесі. Тұңғыш рет «Қазақ» бетінде 1915 жыл №141 санында жарияланды. Қазақшалап ұсынған «Қыр баласы».

Пайғамбарға хат – Н.Маркестің «Ескі Қырым сөздері» деп аталған әңгімелер жинағынан аударылған. Алғаш рет «Қазақ» газетінің 1915 жыл №98 санында жарияланды. Кейін «Темірқазық» журналының 1923 жылғы біріктірілген 2-3 сандарында берілді. Тәржімелеген «Қыр баласы».

Ешкі тау – Н.Маркестің «Ескі Қырым сөздерінен» тәржімелеген «Қыр баласы». – «Қазақ», 1915 жыл, №134.

Құрбан қия – «Ескі Қырым сөздерінен». Тәржімелеп «Қазақтың» 1915 жылғы 138 санында жариялаған «Қыр баласы».

Сұлтан Сәли – «Ескі Қырым сөздері» жинағынан. Аударған «Қыр баласы». 1915 жылы «Қазақ» газетінің 136 санында жарияланған.

Азамат Юсуф – Н.Маркес. Ескі Қырым сөздері. Қазақшалаған «Қыр баласы». «Қазақ» 1915 жыл №133.

Герейдің ажалы – Н.Маркес. Ескі Қырым сөздері. Қазақшалаған «Қыр баласы». Алғаш рет «Герейдің жойылуы» деген атпен «Қазақтың» 1915 жылғы 135 санында жарияланды. Кейін «Темірқазықтың» 1923 жылғы №1 санында қайта жарияланды.

«Жетпіс жеті мысалға» кірген аудармалаы бар. Олар – Л.Н.Толстойдан (16), Эзоптан (46), үнді мысалдарынан (20).

Жоғары аталған Әлиханның аудармалары баспа беттерінде жарияланған аудармалары. Сонымен қатар әлі еш жерде жарияланбаған көркем аудармалары:

1. «Макардың түсі» /В.Г.Короленко/, Қыр баласы - Мәскеу, 1923 ж.
2. «Қажы Мұрат» /Л.Н.Толстой/, Қыр баласы - Мәскеу, 1924 ж.
3. «Жұлдыз бала» Қыр баласы. «Ақ жол» 1923 ж., №381, 382, 384
4. «Қыздың сарайы» /Ескі Қырым сөзінен тәржіме/, Қыр баласы. «Ақ жол» 1924 ж., №411, 2-3 б.
5. «Кавказ тұтқыны» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. 1925ж., КСРО ХОБ М.
6. «Жеті қарақшы» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. 1925 ж., Мәскеу
7. «Бір адамға қанша жер керек?» /Л.Н.Толстой/ Қыр баласы. «Жаңа мектеп», 1926ж., №9-10, 77-88 б.
8. «Ақсақ кемпір» /Ги де Мопассан/ Қыр баласы. «Әйел теңдігі», 1927ж., №10-11, 109-112 б.
9. «Баймақан» /Д.М.Мамин-Сибиряк/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927 ж.
10. «Өзі» /Д.М.Мамин-Сибиряк/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927ж.
11. «Жұмбақ қыз» /В.Г.Короленко/ Қыр баласы. КСРО ХОБ, Мәскеу 1927ж.
12. «Торғай», «Махаббат», «Бір соқыр баланың сөзі» /Ескі Қырым

әңгімелерінен тәржіме/ Қыр баласы. «Ақ жол», 1924 ж., №1.

Әлихан Бөкейхановтың аударма жасаудағы мақсаты – шығарманың идеясын қазақ халқына ұсыну, елді содан үлгі алуға шақыру. Жекелеген сөздер, сөйлемдер ауысқанмен (кей жерде аударылмай қалған, аудармашының өзі қосқан жолдар да көп ұшырайды), шығарманың идеялық түйіні өзгермейді деп есептейді ол.

Резюме

Статья посвящена художественному переводу в творчестве Алихана Букееханова. Актуальные проблемы которые затрагиваются в статье: художественный перевод XX столетия, известные писатели этой эпохи.

Resume

Fiction translation in Aleikhan Bukeikhanov 's creativity.

The article is devoted to the creativity of Aleikhan Bukeikhanov. The actual problems are: fiction translation of the 20th century, famous writers of the epoch.